

Облыстағы кейбір ауылдық округтер мен ауылдардың атауларын өзгерту туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2007 жылғы 18 қазандағы N 2-18 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2007 жылғы 18 қазандағы N 204 қаулысы. Алматы облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 20 қарашада N 1995 тіркелген

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабындағы 4-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ** және облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Төмендегі ауылдардың атауы:

- 1) Қарасай ауданындағы Каменка ауылдың округі және Каменка ауылы;
Таусамалы ауылдық округі және Таусамалы ауылы;
- 2) Қарасай ауданындағы Известковое ауылы Көктөбе ауылы;
- 3) Қарасай ауданындағы Ленин ауылы Қаратөбе ауылы;
- 4) Қарасай ауданындағы Чапаев ауылы Көктоған ауылы;
- 5) Қарасай ауданындағы Энергетик ауылы Нұрлытау ауылы;
- 6) Қарасай ауданындағы Қазақ ССР-інің 50 жылдығы ауылы Мерей ауылы;
- 7) Сарқан ауданындағы Красный рыбақ ауылы Шұбартүбек ауылы;
- 8) Талғар ауданындағы Фрунзе ауылы Туғанбай ауылы;
- 9) Көксу ауданындағы Қызыларық ауылдың округі және Қызыларық ауылы
Мұсабек ауылдық округі және Мұсабек ауылы;
- 10) Көксу ауданындағы Қызылбұлақ ауылдық округі Қабылиса ауылдық округі
б о л ы п ө з г е р т і л с і н .

2. Қарасай, Сарқан, Талғар, Көксу аудандарының әкімдері белгіленген тәртіппен о с ы ш е ш і м д і о р ы н д а с ы н .

3. Облыстық статистика басқармасы (Б. Төлепбаев) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерін есепке алу мен тіркеуіне өзгерістер енгізсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Мұқановқа ж ү к т е л с і н .

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

А л м а т ы о б л ы с т ы қ м ә с л и х а т ы

сессиясының төрағасы

А л м а т ы о б л ы с т ы қ

мәслихатының хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК